

## **I бөлім. Кіріспе**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021- 2026 жылдарға арналған Даму бағдарламасы, мектеп жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді саралап, оқу-тәрбие үдерісінің негізгі бағыттары мен мақсаттарын және міндеттерін айқындайтын, оқушылардың дамуын, педагог кадрлардың кәсіби жетілуін және олардың жаңа инновациялық технологиялармен қарулануын қадағалайтын, негізгі жоспарланған соңғы нәтижелер мен критерилерге жетуге ұмтылдыратын ұзақ мерзімді нормативтік-басқару құжаты болып табылады.

### **Берілген Бағдарламаны жүзге асыруда педагогикалық ұжымның басты назарға алатын бағыттары:**

1. Педагогтардың кәсіби деңгейін көтеру;
2. Оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық мәдениетті, жаңа инновациялық технологияларды, АКТ – ИНТЕРНЕТ желісін пайдалануды жүйелі қалыптастыру;
3. Қазақ халқының ұлттық педагогикасын, Қазақстан Республикасында тұрып жатқан ұлттық этностар мен ұлыстардың салт-дәстүрлерін есепке ала отырып тәрбие қызметінің мазмұнын жаңғырту;
4. Салауатты өмір салтын насихаттау;
5. Инклюзивті оқытуды жүйелі жүзеге асыру;
6. Баланың дарындылығын ашу, дамыту;
7. Экологиялық мәдениетті көтеру;
8. Мұғалімдердің, оқушылардың ісәрекеттегі зерттеу жұмыстарын жандандыру;
9. Оқытудың мазмұнындағы айырмашылықты және білім берудің жекелеген траекториясын құруда жоғары сынып оқушыларына жағдай жасау;
10. Бейінді бағыттарды таңдауда білім ордасының деңгейін көтеру;
11. Оқу – тәрбие үдерісінде мониторинг жүйесін енгізу және үйлестіру;
12. Инновациялық білім беру бағдарламаларын жетілдіру, қолдау;
13. Білім беру технологияларымен әдістемеліктерді және жобаларды игеру;
14. Ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау және қолдау;
15. Білім беру үдерісінде денсаулықты сақтаудың бірегей ортасын қалыптастыру;

### **Берілген Бағдарламаны құруда төмендегідей нормативтік – құқықтық база пайдаланылды:**

- «Қазақстан Республикасының Білім туралы» Заңы;
- «Бала құқығы туралы» Конвенция;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Мектеп Жарғысы.

### **Бағдарламаны мұғалімдердің шығармашылық тобы құрды:**

1. Саматова Г.Ш. – мектеп директорының оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, жоғары санатты, I деңгейлі /НИШ/ сертификатталған ұстаз;
2. Исниязов М.Р. – мектеп директорының ғылыми-әдістемелік істер жөніндегі орынбасары, химия пәнінің мұғалімі, бірінші санатты, I деңгейлі /НИШ/ сертификатталған ұстаз;
3. Жандаулет Л.Ө. – мектеп директорының оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, I санатты ұстаз;
4. Утебаева Ж.А. – мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, I санатты ұстаз;

5. Д.А. Курмангалиева – педагог психолог, II санатты педагог-психолог;
6. А.Б.Құлмағанбетова – әлеуметтік педагог, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, II деңгейлі /НИШ/ сертификатталған ұстаз;

**Бағдарламаның жетекшісі:** Н.Т.Садуов – мектеп директоры, математика пәнінің мұғалімі, жоғары санатты, ПШО ДББҰ НЗМ әзірлеген Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша курсты аяқтаған.

## **II бөлім. Ақпараттық-аналитикалық анықтама.**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқушыларды білім берумен және тәрбиелеуге, сонымен бірге олардың физиологиялық, психологиялық, зияткерлік мүмкіндіктерін, жеке қабілеттерін ескере отырып білім алу қажеттіліктерін дамытуға бейімделген. Бұл, оқушы бойына адамгершілік, тұлғалық және ізгілік құндылықтарды сіңіру, жалпы білім беруде жайлы орта қалыптастыру жолында бағдарлы педагогикалық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Мектепті басқару жеке және өзін-өзі басқару принципі тұрғысында құрылған. Жалпы мектеп басшылығы басқа жалпы білім беру ұйымдары сияқты білім беру үдерісіне қатысушылардан құрылған әкімшілік кеңес арқылы атқарылады. Педагогикалық үдерісті тікелей мектеп директоры мен оның оқу ісі, әдістемелік, тәрбие және ғылыми қызметтер жөніндегі орынбасарлары басқарады.

### **1. Мектеп туралы жалпы мәлімет.**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1971 жылы негізі қаланған, сынып тығыздығы 25-30 балаға шақталып, 900 оқушыға есептелінген.

Мектептің мекен жайы: Арқалық қаласы, Ш.Жәнібек көшесі, 81 үй, байланыс телефоны 72622

Мектепті аттестаттау: қараша, 2015 ж. өтті

Білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін лицензия: тіркеу номері KZ05LAA00019802 22.01.2021 жылы берілген.

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу: 12.01.2021 ж.

Медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия: ЛП сериялы, №0013460 29.11.2011ж берілген.

Мектеп орталық жылу жүйесімен, жарықпен, салқын сумен, кәріс жүйесімен, асханамен, спортзалмен, турникетпен, жабдықталған кабинеттермен қамтылған. Кітапхана қорында 19071 дана оқулықтар, 1917 дана әдістемелік әдебиеттер бар. Мектепте 33 оқу кабинеттері компьютермен жабдықталып, ИНТЕРНЕТКЕ қосылған. 30 оқушы орыны бар екі компьютерлік сынып бөлмесі жұмыс істейді.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік

мекемесі жергілікті жердегі білім беру жүйесінде және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымда маңызды роль атқарады:

- Мектеп орналасқан шағын ауданда «Қайрат» спорт кешені жұмыс істейді, онда 5-11 сынып оқушылары спорт түрлерімен айналысады.
- «Жас құқық қорғаушы» клубы арқылы құқықтық тәрбие жүзеге асырылады.
- Әскери-спорттық «Батыр» клубы патриоттық тәрбиені дамытуға септігін тигізеді.
- Мектеп жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың жеке бөлімдерін өзбетінше игеруге септеседі.
- Мектепте үйірмелер мен спорттық секциялар жұмыс жасайды, оған 570 бала тартылған. Онда олар өз мүмкіндіктерін көрсетіп қалалық, облыстық деңгейде өткен конкурстар мен көрмелерде жүлделі орындарға ие болып, мадақтамалар, дипломдар, сыйлықтармен марапатталды.

Мектептегі әдістемелік жұмысты табысты ұйымдастыру үшін құрамына пәндік әдістемелік бірлестік жетекшілері кіретін әдістемелік кеңес құрылып жұмыс атқарады.

## **2. Оқушы саны.**

|                    |      |
|--------------------|------|
| 2017-2018 оқу жылы | 1135 |
| 2018-2019 оқу жылы | 1156 |
| 2019-2020 оқу жылы | 1171 |

## **3. Мұғалімдердің саны және сапалық құрамы.**

Мектепте 100 мұғалім жұмыс атқарады. Олардың ішінде:

Жоғары санатты мұғалімдер: 9

Педагог-зерттеуші: 17

Бірінші санатты мұғалімдер: 8

Педагог-эксперт: 10

Екінші санатты мұғалімдер: 10

Педагог-модератор: 25

Санаты жоқ мұғалімдер: 21

Мектеп педагог кадрлармен толық қамтамасыз етілген.

## **4. Мектептегі оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруға мінездеме.**

Мектепте оқу - тәрбие үдерісі 49 сынып комплектісімен аптасына 5 күндік оқу режимінде ұйымдастырылған. Оқу – тәрбие үдерісін қалыпты ұйымдастыру үшін төмендегідей жағдайлар жасалған:

1. Кабинеттік оқыту жүйесі.
2. Жоғарыда атап өткендей білікті педагог кадрлар жеткілікті.
3. Мектепте оқу үдерісі мемлекеттік типтік оқу бағдарламасымен сәйкестендіріліп жасалған оқу жоспарына сай және сабақ кестесін негізге ала отырып құрылады.
4. Мектеп 5 күндік жұмыс апталығымен жұмыс жасайды. Академиялық сағаттың ұзақтығы бірінші тоқсанда 1 сыныптарда 30 минут, II-IV тоқсандарда 40 минуттан, 2-11 сыныптарда 40 минут.
5. Мектепте оқу үдерісі үш сатылы деңгейлі білім бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады:  
Бастауыш білім (игерудің нормативтік уақыты – 4 жыл)  
Негізгі орта білім (игерудің нормативтік уақыты – 5 жыл)  
Жалпы орта білім (игерудің нормативтік уақыты – 2 жыл)

6. Мектептегі жалпы білім берудің мазмұны мемлекеттік білім стандарттарын негізге ала отырып жасақталған және бекітілген бағдарламалар арқылы анықталады.
7. Мектепте оқушыларды жыл сайын оқу жылының аяғында педагогикалық кеңестің шешімімен 5 сыныптан бастап жекелеген пәндерден емтихан түрінде аралық және қорытында аттестаттау жүзеге асырылады.
8. Оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыру және өткізу психологиялық-педагогикалық мониторинг арқылы бақыланады.

## 5. Баланың денсаулығы және жетілуі.

Мектепте күн сайын медициналық қызмет жұмыс жасайды. Барлық жастағы оқушылар тиісті профилактикалық тексерістен өтеді және барлық қажетті профилактикалық екпелерін алады.

## 6. Оқушылардың оқу жетістіктері.

### *Пәндік олимпиада жүлдегерлерінің саны*

|             | 2017-2018 оқу жылы | 2018-2019 оқу жылы | 2019-2020 оқу жылы |
|-------------|--------------------|--------------------|--------------------|
| Мектепшілік | 195                | 255                | 202                |
| Қалалық     | 15                 | 12                 | 7                  |
| Облыстық    | -                  | -                  | -                  |

### *Үздік аттестат, «Алтын белгі» белгісі иегерлері*

|                       | 2017-2018 оқу жылы | 2018-2019 оқу жылы | 2019-2020 оқу жылы |
|-----------------------|--------------------|--------------------|--------------------|
| Үздік аттестат НОБ    | 4                  | 5                  | 6                  |
| Үздік аттестат ЖОБ    | -                  | 3                  | -                  |
| «Алтын белгі» белгісі | 2                  | 1                  | -                  |

### *Мектептің білім беру қызметінің жетістіктері*

| Сынып  | 2017-2018 оқу жылы |           | 2018-2019 оқу жылы |           | 2019-2020 оқу жылы |           |
|--------|--------------------|-----------|--------------------|-----------|--------------------|-----------|
|        | Білім сапасы %     | Үлгерім % | Білім сапасы %     | Үлгерім % | Білім сапасы %     | Үлгерім % |
| 1 – 11 | 50                 | 100       | 52                 | 100       | 52                 | 100       |

Мектеп қызметінің сараптамасынан, шешімін тапсақ мектепті дамытудың жаңа деңгейіне көтеретін кешенді мәселелерді көрсетуге болады:

- Мектептегі білім беру қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын озық түрде қамтамасыз етуі керек;
- Мектеп мемлекет пен әлеуметтік қоғамның жаңа талаптарын қанағаттандыруға бейім болуы керек;

Білім алушыларды оқуға тарту және білім сапасын көтерудегі проблемалар мектептің материалдық-техникалық базасын (әр сынып бөлмесіне оқытудың ақпараттық-техникалық құралдарын алу) нығайтуға, сонымен бірге, білім беру ортасында тұлғаның жан-жақты дамуына жайлы жағдай жасауға, өз баласының оқуына және оның дамуына ата-ананың қалыпты қарым-қатынасының болуына тікелей байланысты.

Дарынды балалармен атқарылатын жұмыстарда да проблемалар баршылық. Дарындылық – белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі. Дарынды балалардың басшылық әрекетінің басымдылығы басқа балаларға

қарағанда интеллектуалдық біліктілігі және ойлау, қабылдау жылдамдығының жоғары болуына байланысты. Осы құндылықтарды дамыту мектептің даму концепциясында ашық көрінуі керек.

Бүгінгі күннің талаптарын қанағаттандыратын оқу-тәрбие үдерісінде, өзінің материалдық-техникалық базасын нығайту және кеңейту, мектептің алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі. Мектептегі білім берудің даму бағдарламасы, білім берудің қол жетімділігін жетілдіруге оның сапасының, тиімділігінің артуына, өзінің-өзі жаңғыртудың шарттары мен механизмдерін қалыптастыруды қарастырады. Осыған орай қала мектептерінің базасында вариативті білім беру кеңістігін қалыптастыру маңызды мәселе болып табылады.

### **III бөлім. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері және оны жүзеге асыру стратегиясы.**

**Мектептің миссиясы:** *«Эмоционалды интеллект деңгейінде білім беруге жайлы орта құру»*

**Мақсаты:** *Оқушылардың өз эмоциясын қабылдау қабілеттерін арттырып, тәрбие беруде жағымды көңіл-күй орнату арқылы білім алуға қолайлы жағдай тудызу.*

#### **Міндеттері:**

- жағымды көңіл-күй орнату арқылы оқушылардың оқу үлгеремін арттыру;
- оқу-тәрбие процесінің жағдайын диагностикалау арқылы оқу пәндерінің сапалы берілуінің нәтижесінде білімді, рухани дамыған, жан-жақты тұлға тәрбиелеу;
- білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдениет мінез-құлық дағдыларын арттырып, өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынас орнату;
- жас ұрпақтың өзінің рухани-адамгершілік, интеллектуалдық, өмірі мен өз денсаулықтары мен аман-есендігі үшін әлеуметтік құзыреттілік пен жауапкершілігін көтеруді ұйымдастыруға жағдай жасау;
- оқушылардың білімді меңгеруімен даму деңгейіне, өз беттерінше білім алу әдістемелеріне кезеңдік бақылау жүргізу.

Заманауи мектептің дамуындағы басты идеялар білім берудің ізгілігі, баланың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіру, оқушының тұлғалық қасиеттері негізінде оның шығармашылығын жетілдіру және тәрбиелеу болып табылады. Ішкі және сыртқы факторларды сараптаудың негізінен осы даму бағдарламасын жасаудың қажеттілігі туындады.

#### **1. Сыртқы факторларды сараптау.**

Жеке адамды дамытудың заманауи талаптары тұрғысынан қарағанда, еліміздің қарқынды дамуы жағдайында Қазақстанда негізгі білім мазмұны болып табылатын мектептегі білім берудің барлық компоненттерін жаңғырту бойынша кешенді шаралар жүргізілуде. Жеке адамды тәрбиелеу мектептегі оқушылардың академиялық пәндері, қосымша білім беру, бос уақытты ұйымдастыру және әлеуметтік өмірдің тәрбиелік әлеуеті арқылы іске асырылады. Әлем өзгеруде, әлеммен бірге балаларда өзгереді, бұл өз кезегінде мұғалімдердің біліктілігіне жаңа талап қояды. Мұғалімнің жауапкершілігіне әмбебап оқу әрекеттерін, әлеуметтік тәртіп құндылықтары мен үлгілерін, вертуалды шынайы өмірдегі және әлеуметтік желідегі тәртіп дағдыларын, түрлі мәдениеттік қарым-қатынас пен төзімділік дағдыларын, түйінді құзыреттілік және т.б. қалыптастыру мен дамыту кіреді. Қазіргі мектептердің басым бөлігіндегі проблемалар, оның ішінде біздің Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бар, біздің ойымызша төмендегідей:

- балалардың денсаулығы мен танымдық деңгейінің төмендігі;
- сабақтағы мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының алшақтығы;
- баланың дамуына бағытталған іс-әрекеттің жоқтығы;
- білім беру үдерісіндегі тәжірибелік және қызметтік бағыттың әлсіздігі;
- мектептегі мүліктің моральдық және табиғи тозуы;
- мектептің материалдық – техникалық базасының әлсіздігі;
- мектептегі жеткіншектің ересектенуінің жекеленген мәселелерін шешуде әлеуметтендірудің мектептік үлгісінің жетімсіздігі, өзін-өзі ұйымдастыру, өзіндік және ұжымдық әлеуметтік іс-әрекет мүмкіндіктерінің жетімсіздігі;

Сараптаманы саралай келе мына факторларды **қажетті** деп есептейміз:

- сапалы, тұлғалық, бағдарлы – дамытушылық бағыттар негізге алынған білім беруді жүзеге асыру;
- әмбебап оқу әрекеттерін, әлеуметтік тәртіп құндылықтары мен үлгілерін, вертуалды шынайы өмірдегі және әлеуметтік желідегі тәртіп дағдыларын, түрлі мәдениеттік қарым-қатынас пен төзімділік дағдыларын, түйінді құзыреттілік және т.б. белсенді іс-әрекеттерді оқушы бойына сіңіруге жайлы жағдай жасау;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының белсенділігіне жайлы орта қалыптастыру;
- оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін негізге ала отырып ғылыми жағдай туғызу, әр оқушы тұлға ретінде дамуының жеке траекториясын жасау;
- мектептің материалдық – техникалық базасын жетілдіруге қажетті қаражат көздерін қарастыру.

Жалпы білім беретін мектептің іс-әрекет қызметін ұйымдастыру кешенді түрде іске асырылып және мектептің барлық оқу-тәрбие, педагогикалық, әкімшілік жұмысының жүру тәртібін біріктіріп мектеп жұмысының ұйымдастырылуын қамтамасыз ету басты табыстың кепілі.

## **2. Ішкі факторларды сарптау.**

Мектеп жұмысының оң тұстары:

- мектептің тұрақты кадрлармен қамтамасыз етілуі;
- ата-аналармен жүйелі жұмыстың болуы және олардың мектептегі жаңа инновациялық үдерісті қолдауы;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының қалыптасуы;
- жалпы білім беретін мектеп ұйымына әлеуметтендіру институты ретінде қарау;
- мектеп әкімшілігі мен ұжым арасындағы жұмыстың жүйелілігі;
- білім беру үдерісіндегі құқықтық нормативтердің сақталуы;
- тәрбие жұмысының азаматтық - адамгершілікке бағыттылығы;
- оқу-тәрбие үдерісінің кешенді жүргізілуі;
- мектептегі оқу – тәрбие үдерісінің сапасына жағымды әсер ететін жақсы дәстүрлі жұмыстардың болуы;
- жұмылдырылған әкімшілік команданың болуы;
- мектеп ұжымының қызметінде ақпараттық – коммуникативтік технологияларды тиімді қолдануға мүмкіндіктердің болуы;
- мектеп қызметін қолдайтын Қамқоршық кеңесін құру;
- бейінді оқыту бойынша өндірістік оқу комбинатымен тығыз байланыста болу;
- оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыру және өткізу психологиялық-педагогикалық мониторинг арқылы жүйелі бақыланады.
- мектеп өміріндегі аса маңызды сұрақтар бойынша қоғамдық пікірді анықтау әлеуметтік сауалнамалар арқылы жүзеге асырылады.

Осы негізгі факторлар жеке тұлға тәрбиелеуде мектеп жұмысының жоғарғы деңгейге көтерілуіне өз септігін тигізеді.



Ішкі факторларды сараптау барысында мектеп қызметінің кемшіліктері мен оның себептері анықталды:

- жаңа инновациялық үдеріске ұжым дайындығының төмендігі;
- материалдық – техникалық базаның жұтандығы, жетімсіздігі;
- кейбір ұжым мүшелерінің оқушылар мен ата-аналардың оқу – тәрбие үдерісіне тең құқылы мүшесі екендігін түсінбеуі немесе оған мойынсынбауы.
- оқушылардың шығармашылық белсенділігінің төмендігі;
- ата-аналардың өз баласының тәрбиесіне баса назар аудармай, негізгі міндетті мектепке артуы;
- кейбір мұғалімдердің басқалармен салыстырғанда сапа көрсеткіштерінің төмендігі;

Бұл көрсетілген мәселелерді шешу үшін педагогикалық ұжым мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын мүлтіксіз орындап, оқушылардың қызығушылығын ояту, жауапкершілігін арыттыру мақсатында сабақ барысында жаңа инновациялық технологияларды тиімді қолдана білуі керек.

Ол үшін:

- оқу-тәрбие үрдісінде оқыту мен оқудың инновациялық технологияларының ерекшеліктерін үйрене отырып, мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру;
- сабақта жаңа технология әдістемелерін қолдана отырып, оқушының біліктілігін дамыту;
- инновациялық технология тәсілдері арқылы сапалы білім, пайдалы тәрбиені бойына сіңірген жан-жақты дамыған, білімді тұлға тәрбиелеу;
- оқушыларының бойында рухани-адамгершілік қабілеттерін қалыптастыру шығармашылық қабілеттерін эстетикалық талғамын ояту арқылы дамыту.

Жоғарыда айтылған білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты неғұрлым толық жүзеге асырсақ, педагогикалық іс-әрекетінде мектептің жоғары нәтижелерге жетуіне әсер етеді.

#### **IV бөлім. Болашақ мектептің концепциясы.**

Концепция - бұл әлеуметтік сұраныс негізінде жасалған сараптаманың нәтижесінен алынған мектептің бейнесі. Бұл бейне мектеп қызметінде «өсу факторы» мен «даму факторы» көрінген жағдайда пайда болады. Қазіргі уақытта мектепте мына төмендегідей дамудың алғы шарттары бар:

- мектепте соңғы жылдары қалыптасқан оқу-тәрбие үдерісіндегі нәтижеге бағытталған жұмыстар;
- бірлескен жұмыс арқылы бірлесе үйренудің кәсіби қоғамдастығы;
- инновациялық техноглогия элементтерін /диалогтық оқыту, сыныптағы топтық, жұптық жұмыстар, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға жетелеу, сабақ үдерісінде ««Lesson study» іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстары т.б./ сабақ барысында тиімді қолдану.

Бұл алғы шарттар мектептің жаңа, жаңғыртылған моделінің екпінді алаңына қызмет етеді.

**Концепцияға негіз болған басты идея:** өмір талап етіп отырған өлшемдер тұрғысымен көрінгісі келетін ойшыл, мәдениетті, интеллектуалдық мүмкіндіктері мол, рухани дамыған құзретті тұлға қалыптастыру.

**Стратегиялық мақсат:** жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге, оның зияткерлік дамуына, жеке мүмкіндіктерін ашуға оқу мен оқыту үдерісін бейімдеу, оны диагностикалық-мониторинг арқылы жүйелі бақылау, оқу-тәрбие үдерісінде білім берудің жаңа әдіс – тәсілдерін тиімді қолдануға мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ашу үшін жайлы орта қалыптастыру және жағдай жасау.

**Жаңашыл мектептің мақсаты:**

- тұлғаның жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мүмкіндігінше сапалы деңгейде негізгі және жалпы орта білім беруді қамтамасыз ету;
- жеткіншек ұрпақтың, ата-аналардың, аймақтың сұранысын қанағаттандыратын, қоғамның дамуына қажетті, өмір талап етіп отырған өлшемдер тұрғысымен бағаланатын білім беру;
- ғылыми мекемелермен, психологиялық-педагогикалық ұйымдармен, зерттеу орталықтарымен шығармашылық байланыс орнату.

**Қызметтің жалпы міндеті** білім беру үдерісіне қатысушылардың ақпараттық және лауазымдық сауаттылығының жоғары деңгейге көтерілуі, заманауи сұранысты толық қанағаттандыратын тұлғаның дамуына жағдай жасау.

**Әлеуметтік – педагогикалық міндеттер:**

- жеткіншектің білім алу сұранысын қанағаттандыратын жайлы орта құру;
- «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы», «мұғалім-мұғалім», «оқушы - ата-ана», «мұғалім-ата-ана» деңгейіндегі баланың тұлғасын құрметтейтін адами қарым-қатынас алаңын қалыптастыру;
- білім беру мен тәрбие үдерісіне инновациялық қызметті енгізе отырып, оқушылар мен мұғалімдердің ізденістеріне жол ашу;

**Білім беру концепциясы – тәрбиелеуші,** оның негізінде – оқушының мәдени құндылықтарды бағамдауы, өзара қарым-қатынас, пікір алмасу, қалыпты өмірдегі әлеуметтену, психологиялық түзету, оқудағы қиыншылықтарды жеңу, білім беру үдерісіндегі қызметтік қарым-қатынас жатыр.

**Оқыту мен тәрбиеге көзқарастар:****1. Тұлғалық көзқарас**

- жеткіншектің өзін-өзі бағалаудағы тұлғалық құзреттілігі;
- әр жеткіншектің жеке басын мойындаудан тұратын тұлғалық даралығы;
- білім алу тек қана жеке мақсат емес, жеткіншектің жеке дамуындағы тұлғалық дамудың басымдық құралы болуы;
- мектеп өміріндегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда, білім алудағы баланың субъективті ішкі түйсігімен еркін әрекетін есепке алу;
- қабілеттілікті, қажеттілікті, бейімділікті, табиғи мүмкіндіктерді ашу және дамыту;
- рухани адамгершілікті, заманауи мәдени құндылықтарды, тұрмыстық, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық ережелер мен нормаларды бойға сіңірту, игерту;

**2. Танымдық көзқарас**

- қоғамдық өмірдің даму бағыттары мен оқу-тәрбие бағыттарының тығыз үйлесімі;
- оқушылардың заманауи өмірдің қиыншылықтары мен қарама-қайшылықтарына бейімделу қасиеттерін дамыту.

**3. Ізгілік көзқарас**

- мектепте оқушы мен ұстаздың жеке басының қадір-қасиетін құрметтейтін, денсаулығы мен әлеуетіне қамқорлық жасайтын қалыпты орта құру;
- жер бетіндегі тіршілікті дамыту және сақтау, Қазақстанның табиғи байлықтарына жанашырлық таныту сияқты құндылықтар мен басым бағыттарды жетілдіру;
- достық, кеңпейілділік, ұлттық келісім, әріптестік, өзара көмек, қайырымдылық, жауапкершілік, әділеттілік, адалдық, ұяттылық, тәртіптілік негізінде адами қарым-қатынасты қалыптастыру;
- тәлім алушыларға көсетілетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметтерді жандандыру.

**4. Демократиялық көзқарас**

- мектеп қызметінің негізгі мақсаты мен мазмұнын айқындайтын бағыттардың өзіндік жүйесін құру;
- ұжымда мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың құқықтары мен еркіндігін құрметтейтін өзара қарым-қатынасқа негізінделген орта құру;



- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру;
- заманауи демократиялық үдерістерге араласу арқылы азаматтық белсенділікті дамыту.

### 5. Ғылыми көзқарас

- өмірде, қоғамда адамның орыны мен ролін түсінуде оқушының заманауи ғылыми көзқарасын дамыту;
- оқу бағдарламалары мен құралдардың заман талабына сай әрдайым жаңарып отыруына байланысты мектеп және оқушы компоненттеріндегі гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы курстарды уақытылы енгізу;
- педагогтардың кәсіби деңгейі мен ғылыми танымын, мәдениетін әрдайым көтеріп отыратын ғылыми-әдістемелік ақпараттық жүйе қалыптастыру

### 6. Рухани-адамгершілік көзқарас

- әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету;
- олардың әлеуметтік ортаға тез бейімделуіне жағдай жасау.

### Күтілетін нәтиже:

- білім алушылардың оқу үлгерімі артады;
- оқу процесінде жақсы жетістіктерге жетуге, көшбасшы болуға ұмтылады;
- білім алушы өз эмоциясын басқара алу арқылы стрессті, мазасыздық пен депрессианы жеңеді;
- білім алушылар өздерінің мықты және әлсіз жақтарын білу арқылы өзіне деген сенімділігі артады;
- білім алушылар өз-өздерін бақылау арқылы импульсивті сезімдерді, қарым-қатынастың эмоцияларын басқаруға бейімделеді және осы арқылы басқаларға көмек қолын созады.

### Мектептің моделдік көрінісі.

Біз, мектепті жеткіншек ұрпақты жеке тұлға ретінде рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін, білім алушының өз қызығушылығына орай қажетті сапалы білім нәрін алатын бұқаралық жалпы орта білім беретін мекеме ретінде көреміз.

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі түлегінің моделі.**

| Бағыттар                | Критерилер                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                        |
|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                         | Бастауыш білім<br>1 – 4 сыныптар                                                                                                                                                                                                                           | Негізгі орта білім<br>5 – 9 сыныптар                                                                                                                                                                                                | Жалпы орта білім<br>10 – 11 сыныптар                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Азаматтық қасиет</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- өз құқықтары мен міндеттерін білу;</li> <li>- мектеп пен жанұя алдындағы жауапкершілік;</li> <li>- өз өміріндегі жанұя құндылықтарын мойындау;</li> <li>- өз ісіне жауап беру;</li> <li>- ұлтжандылық;</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- өз құқықтары мен міндеттерін білу;</li> <li>- туған өлке мен отанға сүйіспеншілік;</li> <li>- табиғатқа және оны қорғауға сүйіспеншілігі;</li> <li>- халық дәстүрлеріне құрмет;</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- өз құқықтары мен міндеттерін білу және оны қорғап шығу;</li> <li>- азаматтық белсенділік;</li> <li>- еліміздегі саяси-қоғамдық өмірді бағдарлай білу;</li> <li>- өзіндік көзқарас;</li> </ul> |

|                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                            | <ul style="list-style-type: none"> <li>- әділеттілік;</li> <li>- туған өлкенің табиғаты мен тарихи құндылықтарын бағалау.</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                                       | <ul style="list-style-type: none"> <li>- өзндік пікірі бар, шешім қабылдай білу;</li> <li>- ұлтжандылық;</li> <li>- әділеттілік;</li> <li>- жанұя алдындағы жауапкершілік.</li> </ul>                                                                                                                                                                                                     | <ul style="list-style-type: none"> <li>- ұлтжандылық;</li> <li>- әділеттілік;</li> <li>- жанұя алдындағы жауапкершілік.</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                               |
| <b>Адамгершілік қасиет</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- қадір-қасиет түсінігі;</li> <li>- өзін-өзі ұстау;</li> <li>- ұжымда өз орыны бар;</li> <li>- басқаларды тыңдай білу;</li> <li>- ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білу;</li> <li>- өзара түсінісу және қол ұшын беру;</li> <li>- ұстаз беделі;</li> <li>- қайырымдылық және адалдық.</li> </ul>                                  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- қайырымдылық;</li> <li>- ізгілік;</li> <li>- қол ұшын беру;</li> <li>- адалдық;</li> <li>- тәртіптілік;</li> <li>- басқаны түсіну;</li> <li>- үлкенге құрмет;</li> <li>- салауатты өмір салтын ұстану;</li> <li>- басқаның еңбегіне құрметпен қарау;</li> <li>- мектепке сүйіспеншілік;</li> <li>- міндеттілік.</li> <li>- сыпайылық.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- ізгілік;</li> <li>- адалдық;</li> <li>- әділеттілік;</li> <li>- еңбек сүйгіштік;</li> <li>- өзін-өзі құрметтеу;</li> <li>- тәртіптілік;</li> <li>- қайырымдылық;</li> <li>- сыпайылық;</li> <li>- жоғары моральдық және адамгершілік көзқарас</li> </ul>                                                                |
| <b>Зияткерлік</b>          | <ul style="list-style-type: none"> <li>-оқушыға берілген психологиялық-физиологиялық мінездемеге сай болу;</li> <li>-психологиялық-физиологиялық тұрғыда және жас ерекшелігіне орай ойлау, түсіну;</li> <li>- жедел түрде ойлау және оқу;</li> <li>- оқудың еңбек екенін түсіну.</li> </ul>                                                                                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- білуге ұмтылу;</li> <li>- оқу жетістіктеріне мығым болу;</li> <li>- өз көзқарасын кеңейту;</li> <li>- сараптай білу;</li> <li>- өзіндік ойлау;</li> <li>- қызығушылық таныту;</li> <li>- өз білімін жетілдіруге қабілеттілік ;</li> <li>- оқуды жалғастыруға құштарлық және дайындық.</li> </ul>                                                 | <ul style="list-style-type: none"> <li>- танымдылық;</li> <li>- білімді өмірде қолдана білу;</li> <li>- жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру;</li> <li>- жұмысқа шығармашылықпен қарау;</li> <li>- сыни тұрғы;</li> <li>- өзін-өзі жетілдіре білу;</li> <li>- шығармашылық жұмыстарға бейімділігі;</li> <li>- өз білімін жетілдіруге қабілеттілік;</li> </ul> |
| <b>Жалпы мәдениет</b>      | <ul style="list-style-type: none"> <li>- өз халқының салт-дәстүрлерін зерделеу;</li> <li>- сүйіспеншілік;</li> <li>- сыртқы келбеттің тартымдылығы;</li> <li>- өз денсаулығына қамқорлық;</li> <li>- қарапайым этикалық икем;</li> <li>- басқаның еңбегіне құрметпен қарау;</li> <li>- өз еңбегін бағалай білу;</li> <li>- халық шығармашылығы аясындағы көркемдік белсенділік.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- мінез мәдениеті;</li> <li>- этикалық икемдікті меңгеру;</li> <li>- көркемдік құндылықтарды меңгеру;</li> <li>- моральдық нормаларды білу;</li> <li>- өткенге салауат;</li> <li>- өзіне талап қоя білу;</li> <li>- сыпайылық;</li> <li>- қадір-қасиетті қорғай білу.</li> </ul>                                                                   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- моральдық нормалар мен мәдениеттілікті игеру;</li> <li>- адамзаттық құндылықтарды білу;</li> <li>- қарым-қатынас мәдениеті;</li> <li>- ой еңбегінің мәдениеті;</li> <li>- өмір ирімдеріне икемделу;</li> <li>- өмір қауіпсіздігіне икемділік.</li> </ul>                                                                |

## **V бөлім. Болашақ мектептің стратегиясы мен тактикасы.**

### ***Басым бағыттар мен құрылым.***

Мектептің әрі қарай дамуы үшін қойылған мақсаттан келесі міндеттер шығады:

#### **1. Кадр мәселесі.**

- қайта даярлау курстары арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру және олардың шығармашылық жұмыстармен айналысуына жағдай жасау;
- белсенді шығармашылық жұмыстармен айналысатын қызметкерлерді көтермелеу жүйесін жетілдіру;
- әдістемелік жұмысты жетілдіру.

#### **2. Материалдық – техникалық база**

- оқу жүйесінің сапасын жетілдіру, таратылатын көрнекі құралдармен, дидактикалық материалдармен, құралдармен және белсенді тақталармен, заман талабына сай жабдықталған заманауи сынып бөлмелерін жасау, әдеби және әдістемелік әдебиеттермен, білім салалары бойынша оқулықтармен кітапхана қорын молайту.

### ***Денсаулығы мығым тұлға қалыптастыру***

1. Оқушылардың психологиялық және рухани денсаулығын нығайту;
2. Салауатты өмір салтына бейімдейтін қосымша білім беру бағдарламаларын енгізу;
3. Оқушылардың денсаулығын нығайтатын жұмыстарды ұйымдастыру және осыған орай педагогтардың кәсіби деңгейін көтеру;
4. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруды жетілдіру;
5. Салауатты өмір салтына, денсаулықты нығайтуға үгіттейтін мектеп пен жанұя арасындағы байланыс жұмыстарын үйлестіру.

### ***Оқу – тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру***

1. Пәндер бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларды жетілдіру;
2. Пәнаралық байланыс негізіндегі білім салалары пәндерінің өзара әсерін дамыту;
3. Оқушыларды ұлттық мәдени ортаға, тілдік ортаға «енгізу» әдісі арқылы, олардың ұлттық сана-сезімін дамыту;
4. Қазақ елінде тұрып жатқан басқа этнос өкілдерінің салт-дәстүрлері арқылы әр елдің мәдениетін оқып үйренуге оқушылардың түсінігін қалыптастыру;
5. Туған өлкенің әлеуметтік-экономикалық, тарихи-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып қоғамдық тәрбиені, ұлттық педагогиканы жандандыру;
6. Тұлғаның қалыпты, сапалы білім алуына, оның заманауи сұранысын толық қанды қанағаттандыратын жайлы орта құру;
7. Оқу – тәрбие үдерісінде тұлғаның шығармашылық дамуына жағдай жасайтын жұмыс жүйесін қалыптастыру;
8. Мұғалімдердің заманауи технологиялармен, әдістемелік құралдармен, жаңа кәсіби әдебиеттермен танысуына жағдай жасайтын әдістемелік қызметті жүйелеу;

### ***Оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту***

1. Оқушыларды мектептен тыс шығармашық сайыстарға, пәндік олимпиадаларға, жарыстарға, зияткерлік марафондарға, көрмелерге тарту;
2. Факультативтерді, үйірмелерді, мұражайлық-экскурсиялық жұмыстарды енгізу арқылы мектепте шығармашылық атмосфера құру;
3. Тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі анықтауына септігін тигізетін оқу-тәрбие үдерісін жүйе ретінде моделдеу;
4. Мұғалімдердің, оқушылардың шығармашылық жұмыстарын әдістемелік баспасөз беттерінде жүйелі жариялау жұмыстарын ұйымдастыру.

**Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруын жетілдіру**

1. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарын бір негізге келтіру;
2. Оқушылардың бүгінгі таңдағы сұранысын анықтап, оны жүзеге асыру;
3. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру;
4. Атқарылған жұмыстарды қорытындылап және оның нәтижесін сараптау.

**Әлеуметтік орта және жанұялармен қарым-қатынас, байланыс жүйесі**

1. Сыныптардағы шағын тақырыптық ата-аналар жиналыстарын, «ашық есік» күндерін, жалпы ата-аналар жиналыстарын, ата-аналар семинарларын, арнайы тақырыптар бойынша коучингтер, конференциялар, әлеуметтік-психологиялық қызметтердің көмегімен жеке көмек сағаттарын ұйымдастыратын педагогикалық жүйе қалыптастыру;
2. Баяндамалар, конференциялар, коучингтер, семинарлар, ашық сабақтар, топтық іс-шаралар, жеке көмек сағаттары арқылы ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін көтеру;
3. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісіне ата-аналар мен қоғамды:
  - ата-аналар жиналысы;
  - үйірмелер, клубтар, біріккен шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру;
  - материалдық-техникалық базаны нығайтуға көмек;
  - сәтсіз отбасыларға жекелеген көмектер беру арқылы тарту.
4. Ата-аналар мен қоғамды мектепті басқару ісіне:
  - мектеп кеңесі;
  - ата-аналар комитеті;
  - мектептің Қамқорлық Кеңесі арқылы қатыстыру.

**Біздің жобалар мен бағдарламалар**

| № | Бағыт, бағдар         | Жобаның аты                                                                                       | Іске асыру уақыты | Жобаның авторы                                                              | Жұмыс тобы | Қаражат көзі |
|---|-----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------|--------------|
| 1 | Тәрбие                | Этномәдени бірлестік «Атамекен»                                                                   | 5 жыл             | Шығармашылық топ                                                            | +          | бюджет       |
| 2 | Тәрбие                | «Балақай»                                                                                         | 5 жыл             | Шығармашылық топ                                                            | +          | бюджет       |
| 3 | Психология жәнетәрбие | «Мектеп кинозалы»                                                                                 | 5 жыл             | А.Б.Құлмағанбетова-әлеуметтік педагог, Д.А.Курманғалиева - педагог-психолог | ++         | бюджет       |
| 4 | Психология жәнетәрбие | «Әлеуметтік деңгейі төмен, сәтсіз отбасылардан шыққан балалардың оқу-тәрбие үдерісіне бейімделуі» | 5 жыл             | А.Б.Құлмағанбетова-әлеуметтік педагог, Д.А.Курманғалиева - педагог-психолог | ++         | бюджет       |
| 5 | СӨС                   | "Толағай" орталығы                                                                                | 5 жыл             | СӨС кураторы Б.Хасен дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі                         | +          | бюджет       |
| 6 | Басқару               | «Білім беру үдерісіне қатысушылардың ынталылығын дамыту»                                          | 3 жыл             | Д.А.Курманғалиева - педагог-психолог                                        | +          |              |
| 7 | Әдістеме              | Математика пәнінен                                                                                | 1 жыл             | Н.Т.Садуов-мектеп                                                           | +          |              |

|    |          |                                                                                                             |       |                                                                        |   |  |
|----|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|------------------------------------------------------------------------|---|--|
|    |          | элективті курс<br>«Олимпиадалық<br>математика және ой<br>дамыту»                                            |       | директоры, математика<br>пәнінің мұғалімі                              |   |  |
| 8  | Әдістеме | Қазақ тілі пәнінен<br>элективті курс<br>«Сөз сыры»                                                          | 1 жыл | Утебаева Ж.А-қазақ тілі<br>пәнінің мұғалімі                            | + |  |
| 9  | Әдістеме | Тарих пәнінен<br>элективті курс<br>«Тарихи тұлғалар»                                                        | 1 жыл | Л.Д.Ибраева –тарих<br>пәнінің мұғалімі                                 | + |  |
| 10 | Әдістеме | Тарих пәнінен<br>элективті курс«Тарих<br>толқындары»                                                        | 1 жыл | М.Т.Ғалымжанов –тарих<br>пәнінің мұғалімі                              | + |  |
| 11 | Әдістеме | Музыка пәнінен<br>элективті курс<br>«Дыбыстар әлемінде»                                                     | 1 жыл | Т.С.Мұханбетжанова-<br>музыка пәнінің мұғалімі                         | + |  |
| 12 | Әдістеме | Физика пәнінен<br>элективті курс<br>«Электотехника»                                                         | 1 жыл | Г.Бекмуратова – физика<br>пәнінің мұғалімі                             | + |  |
| 13 | Әдістеме | Биология пәнінен<br>элективті курс<br>«Биоэкология»                                                         | 1 жыл | А.С.Кемпирова –<br>биология пәнінің<br>мұғалімі                        | + |  |
| 14 | Әдістеме | Орыс<br>сыныптарындағы<br>қазақ тілі пәнінен<br>элективті курс<br>«Практикалық қазақ<br>тілі»               | 1 жыл | Ә.Қ.Қожабекова – орыс<br>сыныптарындағы қазақ<br>тілі пәнінің мұғалімі | + |  |
| 15 | Әдістеме | Ағылшын тілі пәнінен<br>элективті курс<br>«Business Course»                                                 | 1 жыл | Ж.С.Нурекешова –<br>ағылшын тілі пәнінің<br>мұғалімі                   | + |  |
| 16 | Әдістеме | Орыс тілі пәнінен<br>элективті курс<br>«Трудности<br>пунктуации»                                            | 1 жыл | И.А.Сайтгареева- орыс<br>тілі пәнінің мұғалімі                         | + |  |
| 17 | Әдістеме | Тарих пәнінен<br>элективті курс<br>«Периодизация и<br>хронология основных<br>событий истории<br>Казахстана» | 1 жыл | М.К.Камалиев – тарих<br>пәнінің мұғалімі                               | + |  |

## **Даму бағдарламасын іске асыру кезеңдері**

**I кезең – Жалпы ұйымдастыру (2021-2022 оқу жылы)**

**II кезең – Диагностикалық-ұйымдастыру (2022-2023 оқу жылы)**

**III кезең – Тәжірибелік (2023-2024 оқу жылы)**

**IV кезең – Іске асыру ( 2024-2026 оқу жылдары)**

## **Мектептің Даму бағдарламасын іске асыру жоспары**

**I кезең – Жалпы ұйымдастыру (2021-2022 оқу жылы)**

| <b>Бағыттар мен міндеттер</b>                                                                                                                                           | <b>Күтілетін нәтиже</b>                                                                                                                                     | <b>Жауапты</b>                                                                        |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Оқушыларды оқу – тәрбие үдерісінде жетістіктерге жетуі үшін ынталандыратын жаңа инновациялық технологиялармен педагогикалық қызметкерлерді таныстыруды жүзеге асыру. | Оқушыларды оқу – тәрбие үдерісінде жетістіктерге жетуі үшін ынталандыратын жаңа инновациялық технологиялармен педагогикалық қызметкерлер танысады, игереді. | Мектеп директорының орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.                             |
| 2. Оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңа инновациялық технологияларды игеруге мұғалімдерге жайлы жағдай жасау.                                                                   | Бірлескен жұмыс арқылы бірлесе үйренудің кәсіби қоғамдастығы құрылады.                                                                                      | Мектеп директорының ғылыми-әдістемелік істері жөніндегі орынбасары, жоба жетекшілері. |
| 3. Оқу мен оқытудағы тұлғалық-бағдарлы бағытты жүзеге асыруда бағдарламалық-әдістемені жасақтау.                                                                        | Оқу – тәрбие үдерісінде қолданылатын бағдарламалық-әдістемені иеленеді.                                                                                     | Мектеп директорының ғылыми-әдістемелік істері жөніндегі орынбасары, жоба жетекшілері. |
| 4. Бастауыш және орта буындағы кейбір сыныптардағы тұлғалық-бағдарлы бағыттың моделін жасақтау.                                                                         | Оқушылар жетістікке жетуге ынталанады, нәтижені бақылау әдістемесі болады.                                                                                  | Мектеп директорының ғылыми-әдістемелік істері жөніндегі орынбасары, жоба жетекшілері. |
| 5. Бағдарламаны жүзеге асыруды бақылайтын жүйе құру.                                                                                                                    | Жобаны басқару құрылымы жасақталады, Бағдарламаның бағыттарын бақылайтын лауазымдық міндеттер бөлінеді.                                                     | Мектеп директорының орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.                             |



«Қаралды»  
әдістемелік кеңесте  
№ 5 хаттама  
29.12.2020 ж.

«Қабылданды»  
педагогикалық кеңесте  
№4 хаттама  
05.01.2020 ж.

«Бекітілді»  
\_\_\_\_\_  
06.01.2021 ж.  
Мектеп директоры  
Н.Т.Садуов

*Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы әкімдігі  
білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін  
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

## **2021 - 2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Арқалық қаласы 2021 жыл.